

АВТОБИОГРАФИЯ



Мен, Коразбекова Карлығаш Үсіпханқызы, 1983 жылы 1 қаңтарда Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Майбұлақ ауылында дүниеге келдім.

1989 жылы Төлеби ауданы Майбұлақ орта мектебінің бірінші сыныбына қабылданып, 9 сыныпты сонда оқыдым. Төлеби аудандық дарынды балаларға арналған мектепте 10 және 11 сыныптарды жалғастырдым. 2000 жылы орта мектепті бітірдім.

2000 жылы Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтының жаратылыстану факультетіне 030300-Биология және химия мамандығына оқуға түсіп, оны үздік бітіріп, биология және химия пәнінің мұғалімі біліктілігін алды.

2004 жылы жоғарыда аталған университеттің 6N0113-Биология мамандығы бойынша магистратураның бірінші курсына қабылданып, 2006 жылы «үздік» дипломмен бітіріп, «биология магистрі» ғылыми-академиялық дәрежеге ие болдым.

2010-2013 жылдар аралығында М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде 6D070100-Биотехнология мамандығы бойынша PhD докторантурада оқыдым. 2015 жылы 19 желтоқсанда Гумилев атындағы ЕҰУ-де «Studying the influence of immobilized methanogenic bacteria microflora on the decomposition of agricultural waste in biogas and fertilizer production» тақырыбы бойынша докторлық диссертация қорғадым, PhD докторы дәрежесін алдым.

2004-2006 жылдары Отырар университетінің химия және биология кафедрасында оқытушы болып жұмыс істедім.

2006-2010 жылдары Ә.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Жалпы биология және экология» кафедрасының оқытушысы болып жұмыс істедім.

2013-2014 жылдары Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университетінде жаратылыстану кафедрасының оқытушысы болып жұмыс істедім.

2014-2017 жылдары М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің биотехнология кафедрасының аға оқытушысы қызметін атқардым.

2017 жылдың қыркүйек айынан 2018 жылдың қаңтар айына дейін Шымкент қаласындағы химия-биологиялық бағыттағы НЗМ-де биология пәнінің мұғалімі қызметін атқардым.

2018 жылдың қаңтарынан 2022 жылдың қыркүйегіне дейін Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының биология, химия және география кафедрасының меңгерушісі қызметін атқардым.

20-дан астам оқу-әдістемелік және электронды оқу құралдары, оның ішінде оқу және электронды оқу құралдарын дайындадым. Ғылыми-педагогикалық жолымда 3 монография шығардым, 2 инновациялық патент алдым және 60-тан астам ғылыми жарияланым жасадым, оның ішінде Scopus және Thomson Reuters ақпараттық базасына енгізілген халықаралық рейтингтік журналдарда жарияланған 6 мақалам бар. Ғылыми мақалаларда Оңтүстік Қазақстан облысының герпетофаунасының биоәртүрлілігін, экологиялық және ауылшаруашылық биотехнологиясын зерттеуге қатысты мәселелерді зерттеу нәтижелері көрсетілген.

2012-2013 жылдары неміс ғалымы Dr.agr.sc Андреас Леммер жетекшілігімен Хоэнхайм университетінде (Штутгарт, Германия) тағылымдамадан өттім. 2012 жылы DAAD бағдарламасы бойынша жас ғалымдарға арналған ғылыми стипендияға ие болдым.

Шет тілдерінен мен орыс, түрік және ағылшын тілдерін білемін және еркін сөйлеймін. Мен көптеген бағдарламаларды (Excel, Word, т.б.) пайдаланып компьютерде жұмыс істей аламын.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 160000, Шымкент қ., көш. Қабанбай батыр, 10А, кв. 26, тел.: +7 (701) 662-34-83, e-mail: korazbekova.karlygash@okmpu.kz; Swallow0101@mail.ru